

DOI: 10.36719/AEM/2007-2020/50/24-28

Роза Жұмабайқызы Есбалаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркология ғылыми-зерттеу институты

Roza-roza_78@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кілт сөздер: тарихи роман, сюжет, идея, поэтика, әдебиет теориясының мәселелері

Key words: historical novel, plot, idea, poetry, literature theory issues

Ключевые слова: исторический роман, сюжет, идея, поэзия, проблемы теории литературы.

Әдебиет майданына ғасырдың елуінші жылдары араласып, сын саласын өркендетуге сүбелі үлес қосқан, әсіресе қазақ романының қалыптасу, даму жолдарын зерттеуде соны серпін танытқан, қазақ фольклорына жаңаша көзқараспен қараудың тың үлгісін көрсеткен іргелі ғалым әдебиетшілік өнерді қоғам ісіне белсене араласумен, көп адам тілінің ұшында тұрса да айта алмайтын ұлтқа, оның өсіп-өркендеуіне қатысты зәру мәселелерді қалам ұшына алумен тығыз ұштастыра білген ғалымдар қатарында Р.Бердібай есімі ерекше аталады. Ғалымның бұл бағытта жүргізіп келе жатқан еңбегін «Р. Бердібай феномені» десек жарасады. Өйткені күреске толы саналы ғұмырында мыңнан астам мақала, отыздан астам кітап жазған ғалым шығармаларының басым көпшілігі ұлт мүддесі мен әдебиеттанудың іргелі мәселелеріне арналады.

Р.Бердібайдың шығармашылығының басты ерекшелігі - оның диапазоны кең, жан-жақты білімдар ғалым екендігі бірден көзге түседі. Ол – мейлі, бүгінгі әдебиетіміздің жай-күйін, немесе ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихының әлі де жете зерттелінбей жатқан өзекті өңірлерін барласын, немесе туысқан халықтар әдебиеті жайлы ой бөліссін, әдебиеттің теориялық мәселелерін әңгімелесін, әдебиет атты алтын қазынаның терең қыртыстарын қопарып, сыр тарта алатын, толғанысқа толы пайымды пікірлерін дәлелді де сенімді жеткізе білетін әмбебап қаламгер.

Бұл турасында ғалымның ізін жалғап жүрген ғалым, сыншы Д.Ысқақұлы «Р.Бердібай – қазіргі қазақ әдебиетінің үлкен зерттеушілерінің бірі. Қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасу мәселелерінен кандидаттық, қазақ романының теориялық проблемаларынан докторлық диссертациялар қорғады. “Әдебиет және өмір” (1964), “Октябрь және қазақ совет әдебиеті” (1966), “Социалистік реализм туралы” (1966), “Роман және заман” (1967), “Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы” (1968), “Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы” (1971), “Дәстүр тағлымы” (1973), “Қазақ романы” (1975), “Аңыздан романға” (орыс тілінде, 1976), “Ғасырлар толғауы” (1977), “Қазақ тарихи романы” (1979), “Биік парыз” (1980), “Замана сазы” (1985), “Тарихи роман” (1997) секілді кітаптарында бүгінгі кез әдебиетінің даму, теориялық, практикалық мұқтаждықтары жайлы толғамды ойлар айтылады. Дәуірдің жазушы шығармашылығына тигізер әсері, социалистік реализм әдісінің көркем әдебиетте көрінісі, сюжет пен характер, замандас бейнесі, жанр сипаттары нақтылы қарастырылған»[1,37]-деп, жіктеп көрсеткен.

“Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы” атты монографиясында отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия, сын мен әдебиеттану салаларында туған татымды туындылары диалектикалық даму тұрғысынан егжей-тегжейлі зерттелінген болса, “Әдебиет және өмір”, “Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы”, “Биік парыз” сияқты еңбектерінде бүгінгі әдеби өмірдің өзекті мәселелері, жекелеген қайраткерлері, көркемдік процестердегі жаналықтар, кейіпкерлер келбеті, т.б. ғылыми тұрғыдан талданады.

Ал “Роман және заман”, “Қазақ романы”, “Қазақ тарихи романы”, “Аңыздан романға”, “Тарихи роман” атты кітаптары түгелге жуық қазақ прозасына, оның ішінде роман жанрының жай-күйіне арналған. Ғалымды қазақ әдебиетінің өресі биік жанры романның жанрлық, типологиялық мәселелері көп қызықтырады; сол себепті де қазақ романының теориялық жақтарын зерттеуге едәуір көңіл бөледі. Әр жылдары әдебиеттегі роман жанрының дамуын жіті бақылып, теориялық та, сыни пікірін білдіріп отырған ғалым Р. Бердібай «Қазақ романының бұл күнде дамып, өркендегені соншама, оның жанрын анықтаудың қажеттілігі туып отыр...бұл жанрдың нақтылы зерттеуге лайық проблемалары көп. Соның бірі-тарихи романдардың жанрлық ерекшелігін, өсу бағытын, көркем әдебиетімізге қосқан үлесін, көрнекті жазушыларымыздың тарихи тақырыпты меңгерудегі ізденістерін, татымды табыстарын нақтылы сөз ету» [2, 10.] - дейді. Зерттеуші қазақ романшыларының өнерпаздық ерекшеліктерін, жанрдың даму тенденцияларын жан-жақты ашып көрсету мақсатымен типологиялық

зерттеу әдісін көбірек қолданады. Қазақ романының зерттелу тарихы Р.Бердібайдың есімімен тығыз байланысты десек, профессор Қ.Ергөбек: «Р.Бердібай қазақ кеңес әдебиетінің әр жанрадағы көптеген туындылары туралы сын мақалалар жазды, проблемасын көтерді, соның ішінде, әсіресе, қазақ романын тереңдеп тексерді», [3,4] -деп, ғалымның бұл саладағы еңбегін айрықша бағалайды.

Ғалым қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің романдары мен шығармашылықтарын да арнайы зерттейді. С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты классиктермен бірге І.Есенберлин, А.Тоқмағанбетов, Х.Есенжанов, З.Шашкин, Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, Д.Әбілов, Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, З.Ақышев, Т.Молдағалиев, Қ.Сәрсекеев, Ш.Мұртаза, С.Сматаев, Д.Досжан, т.б. тарихи романдары жайлы қызықты байқаулар жасап, толымды ойлар қорытады. Сондай-ақ басқа да халықтар әдебиетіндегі осы тақырыптағы таңдаулы тарихи романдарға да назар аударып, салыстырулар жасады.

«Ғалымның ғылыми ізденісінің басталуы мен жалғасын табуы да қызық. Оның алғашқы еңбектері әдебиет теориясының мәселелеріне арналып, роман жанрының табиғатын тану мен танытуға бағытталды»[4,69]-дейді, шәкірті профессор Ө.Әбдиманұлы.

Ғылымның қиын асуларынан қиналмай асып, «Әдебиет және өмір», «Қазіргі қазақ прозасынадағы замандас бейнесі», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Замана сазы», «Дәстүр мен тағылым» т.б еңбектерінде сөз болып отырған кезеңдегі әдебиеттің жаңашыл сипатын айқындап, сөз өнеріндегі «сиықсыз» дүниелерді ашып көрсетіп, сыншылдық пен зерттеушіліктің таразы басын теңгерді. Ғалым ғылымдағы тұңғыш қадамы «Қазіргі қазақ романындағы сюжет мәселелері» (1961) атты зерттеуінде қазақ романдарының көркемдік деңгейін зерделесе, «Қазіргі қазақ романының теориялық мәселелері»(1970) тақырыбына жазылған докторлық диссертациясында роман жанры арқылы кезеңге тән көркем әдебиеттің даму заңдылықтарын теориялық тұрғыдан игеріп, әдебиеттің көркемдік құбылыс ретіндегі өнери қасиеттерін ғылыми жүйелеп берді. Раханның бұл еңбегі уақыт сұранысына толық жауап берген жоғарғы деңгейдегі ғылыми жетістік деп бағаланды. Кейіннен осынау зерттеулердің ғылыми тұжырымдары талай монографиялық зерттеулерге азық болды.

Р.Бердібайдың зерттеулерінде М.Әуезовтің шығармашылығы едәуір орын алады. Оның жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған зерттеулерінің барлығында дерлік ұлы жазушының шығармаларына соқпай кетпейді. Әдебиет зерттеушісі Ж.Ж. Жарылғапов «Қазіргі қазақ романы туралы» «Ғалым Р. Бердібайдың роман теориясының негізгі мәселелері жайлы еңбектерін бағалау үшін, ең алдымен, романтанудағы әлем әдебиетіндегі ұстанымдарды, роман жанрының ерекшеліктерін, қазақ романының пайда болу мен қалыптасу тарихын, таразылап алу керек»[5,] -дейді.

Ұлы жазушының жүз жылдығы қарсаңында бұрынғы ізденістерінің нәтижесі, қорытындысы іспеттес “Мұхтар шыңы” атты жаңа кітабының дүниеге келуі де ғалымның көп жылдық еңбегінің жемісі. Еңбекте М.Әуезовтің қаламынан шыққан “Абай жолы” роман-эпопеясы тек “Мұхтар шыңы” ғана емес, сонымен бірге қазақ әдебиетінің де шырқау шыңы тұрғысынан жан-жақты зерттелген. Соның нәтижесінде «Роман және заман», «Қазақ романы», «Қазақ тарихи романы», «Мұхтар шыңы», т.б. еңбектері жарық көрді. Олардағы ғалымдық ізденімпаздықтың желісі үзілмес жүйесі М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы болды. Қазақ әдебиетіндегі ұлы шығарманың жазылу тарихы, құрылымдық жүйесі, образдар болмысы, жазушы лабораториясы жан-жақты ашылып, шеберлік қырлары жеткілікті түрде талданды. Сондықтан да, ұлы жазушы игерген көркемдік талаптар кейінгі буынға үлгі меже ретінде ұсынылды.

Кемеңгер жазушының тендесі жоқ шеберлігін, оның көркемдік дамуымызға қосқан жаңалығын түрлі тұсынан қарастырудың қажеттігі бар. М.Әуезовтің шығармашылық тәжірибесі күллі қаламгерлерімізге өшпес өнеге, таусылмас тәлім. Әсіресе, М.Әуезов романының қазақ әдебиетіне әкелген тың қасиеттері: характер сомдау шеберлігі, шығарманың тартыстық, құрылыстық жүйесіндегі жаңалықтары, суреткерлік лаборатория жайлы кең қамтылады. Әсіресе жазушының адам мінезін, табиғат суретін терең реалистікпен берудегі жаңашылдығы, әдеби тілімізді қалыптастырудағы қызметі баса көрсетіледі. Мәселен: М.Әуезовтің «Қараш-қараш» повесіндегі Жарасбай мен Бактығұлдың «Абай жолындағы» Тәкежан мен Базаралының арасындағы тартыстың сырын ашуда, басталуы мен аяқталуын көрсетуінде таңқаларлық ұқсастық бар. Бірақ бұл ұқсастық сөздің немесе ситуацияның қайталануында емес, авторлық көзқарас пен тенденцияның бірдейлігінде деп түсіндіреді Р.Бердібай монографиясында.

Таптық қайшылықтың табиғатын терең түсінген жазушы «Қилы заманда» шет жағалап қана көрсеткен мәселені «Абай жолында» бірге туған бауырлар Тәкежан мен Абайдың көзқарастары мен

өмірлік принциптеріндегі алшақтықтарын кең жүйеде мінезге сәйкес етіп ашады. «Қилы заман» ұзақ жылдар бойы баспа жүзін көрмей келгенімен, жазушының жадынан шығып кеткен дүние емес-ті. Шығарманың азатшылдық идеясы, әсіресе түрлі табиғи, шыншыл адам типтері жазушының «Абай жолы» эпопеясында кей тараптан дамытыла елес бергенін, көркейе, келісті бітім тапқанын аңғару қиын емес. Әсіресе, «Қилы замандағы» ел қамқоры, өткір тілді, шешен Жәмеңке мен «Абай жолындағы» кедей, жатақтар жоқшысы Дәркембай арасындағы «жақындық» үстірт қарағанда да көзге шалынбай қалмайды. Ал кейбір тұста Ұзақ батырдың ел тағдыры мен намысын армандаған сәттері, кесек мінезі «Абай жолындағы» Базаралыны еске түсіреді. Мұның өзі араға көп жылдар салып барып жазылған, басқа тақырыпқа арналған шығарманың бітіміндегі үндестік пен сарындастықтың, жазушы көкірегіне ұялаған идеялардың түрлі көлемде көрініс табуының жарқын мысалы секілді. Сонымен «Абай жолына» барардағы идеялық-көркемдік сатылар қаламгердің әңгімелерінен де, «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» повестерімен де табиғи ұштасқанын көреміз.

Роман зерттеушісі, көркем шығарманың жаны – образ десек, образды ашуда өзіндік қызметі бар портрет жөнінде де өз жаңалығын ұсынған. «Абай жолында» портрет жасаудың түрлі үлгісі байқалады. М.Әуезов адам характерінің шындығын суреттеу барысында психикалық прцесті, «жан диалектикасын» ашуға баса назар аударады. М.Әуезовтің көркемдік әлемінде адамның жаны мен тәні, ой-сезімі мен іс-әрекеті өзара тығыз бірлікте, ерекше поэтикалық тұтастықта суреттеледі. Кейіпкердің ой-сезімін, сана әрекетін оның сыртқы қалпымен, қимыл-қозғалысымен байланысты байытып, жаңғыртып бейнелеуде жазушы тұрақты бір қатқан қағида жасамаған. Кейіпкердің қоршаған ортамен, жағдаймен байланыс, қарым-қатынас түрлерінің молдығына, байлығына және ерекшеліктеріне орай, оның нақты іс-әрекетін, түр-қалпын суреттеуден ішкі әрекетін, сырын талдап, қадағалауға көшуде, сондай-ақ ішкі сырын сыртқы қалыбы, ісі арқылы суреттеу тәсілдеріне ауысуда қаламгер жазушылық шеберліктің неше түрлі озық үлгілерін көрсетеді. Солардың ішінде бұл мақсат үшін «жан диалектикасын» ашудың эпикалық және лирикалық тәсілдерінің атқаратын қызметі айрықша мәнді деуге болады. Мысалы, Абай, Құнанбайдың психологиялық хал-күйін ашып көрсету мақсатында психологиялық талдаудың эпикалық тәсіліне ерекше мән береді. Мұнда авторлық идеяға, кейіпкерлердің нақтылы ситуация кезіндегі орны мен мәніне қарай олардың түр пішінін берудің де көлемі мен принципі өзгеріп отырады. Бұларға негізінен алғанда, төрт түрлі болып келеді. Кейде автор қаһарманның сырт келбетін неғұрлым толық келтірсе, енді бір тұста адамның бірер белгісін атап өтумен шектеледі. Мұндай адамды жазушы көбінесе қатардағы кейіпкерге қолданады. Осы айтылғандай тәсілдер қазақ әдебиетінде кең таралған деуге болады. М.Әуезов өзінің роман-эпопеясында портреттің бұлардан басқа екі түрін жасайды. Қаһарманның бет-жүзіндегі, денесіндегі ерекшелікті екінші бір адамның көзімен бағалату суреткердің қалыптастырған тамаша өнегесі. Сондай-ақ, адам портретін түрлі жағдайда да қайталай, әрбір қырынан толықтыра отыру тұлғаның дамуын елестететін өте ұтымды әдіс болғанын көреміз.

Құнанбайдың қыбыр қақпай, бір нүктеге қадалып сөйлеген қату жүзі, жалпы бет-бедері оның мінезінің, адамдық табиғатының кейбір ерекшеліктерін айқындауға қызмет етеді. «Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады» дегенде көздің статикалық қалпына динамикалық серпін дарытады.

Құнанбайдың түрі мен түсіндегі басты белгілер оның алдындағы, маңындағы басқа адамдардың жүзіндегі, қасы мен қабағындағы ерекше сапалық белгілер аясында қосымша мазмұнмен баии түседі.

«Сақал-шашы бір рендес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді... Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде, Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес. Қалың етті, салбыраңқы қабағы кішкене көзін көрсетпей, тасалап алған сияқты. Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырындай қарап отырғаны -дәл төрдегі Байсал. Қызыл жүзді, жирен сақалды Байсалдың денесі ірі, қапсағай. Көкшіл түсті үлкен көздері әрі салқын, әрі сыр берместей сабырлы» [6,25].

Үш адамның бет-бейнесі. Көз салу ерекшеліктері берілген. Сүйіндіктің «көзін төмендете берген» жайы оның Құнанбайдың құрығынан құтылмасын білген лажсыздығын, бар нәрсеге мойынсұнған көнбістігін аңғартады. Бөжейдің қыбыр етпей ешбір қозғалыссыз, «көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеуі» Құнанбай алдында оның да дәрменсіз, еріксіз екендігіне нұсқайды. Бірақ бұл еріксіздік емес, онда түптің түбінде бір үлкен бұлқынысқа түсіретін, бір батыл, шешуші іске

бастайтын қайратты төзім бар. Ал Байсал мүлде бөлек қасиетімен танылады. Қырындай қарауы оған тән қандай нәрсеге де дайын, ерік-жігерге толы күресшіл мінездің нышанын танытады.

Құнанбай алыс-жұлысқа, арпалысқа ғана емес, сөзге де жүйрік, шешен, тілі өткір, тиген жанрі тіліп түседі. Осылардың бәрі Құнанбайдың өз ортасынан биік, оқшау тұрған, жоталы тұлға екенін көрсетеді және оның осындай өзгеше бөлек бітімін өз ортасы да әбден мойындап болған.

Өзі билік жүргізген атыраптағы қазақты бұқтырып, орысты ықтырып, бәрін өз алдында құрдай жорғалатқан Құнанбайдың философиясы да, дипломатиясы өз басына жетерлік. Ол мықты болмаса, онымен тартысқа түскен Абайдың да ірілігі көрінбес еді.

Алғашқы кітапта Абай адам, азамат ретінде қалыптасса, ал кейінгіде ақын, қайраткер ретінде қилы қимыл-әрекетке көшкен.

Әдебиеттанушы Р.Бердібай еңбектерінің ішінде әдебиеттану ғылымының теориялық мәселелерін арнайы сөз еткен «Тарихи романы» тұтас М.Әуезовтың әңгіме, повестері мен «Абай жолы» романын қатар алып, жүйелі талдау әдісі мен салыстырмалы зерттеуге арналған.

Әдебиетті зерттеу тәсілін мейлінше терең игерген ғалым ретінде ол әр шығармаға ұлттық танымның әдеби-теориялық құндылықтары үрдісінен қарады. Сөйтіп әлемдік әдебиет талаптарына толық жауап бере алатын І.Есенберлин, Ә. Кекілбаев, Ә.Әлімжанов, М. Мағауин тарихи романдарына жаңашыл көркемдік-эстетикалық таным биігінен көз салды. Осынау жазушылар шығармашылығына 60-жылдардың екінші жартысынан бергі кезеңдегі қазақ әдебиетінің дамуындағы ұлттық құбылыс ретінде ой жіберіп, тақырыптық, идеялық, көркемдік ізденістерінің сырын ашуға ұмтылыс жасады. Олардағы ортақ үндестіктер мен әр автордың, жеке шығарманың өзіндік ерекшеліктерінің сыр-сипатын, нақты көрсете алды. Аталмыш қаламгерлердің белгілі шығармаларындағы («Көшпенділер», «Үркер», «Махамбеттің жебесі», «Аласапыран» т.б.) ерекшеліктер белгілі бір шығармаға тән тарихи оқиға мен халық тағдырында ірі міндеттер атқарған тарихи қаһармандар іс әрекетінің әр келкілігінен және әр жазушының тарихи деректі өз туындысына пайдаланудағы жеке дара қабілет-мүмкіндіктеріне байланысты екендігін білгірлікпен айқындап берді. Ғалым қашанда қазақ әдебиетін өзге әлемдік әдебиеттен бөліп алып, томаға тұйық жеке дара күйде қарауға қарсы. Ол үнемі қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптың көтерілу деңгейін өзге ұлттар әдебиетімен салыстырмалы түрде салғастырып, олардағы көркемдік сабақтастықтардың дәстүрлік негізін ашуға тырысады. Мәселен Әділ Якубовтың «Ұлықбектің қазынасы» атты тарихи романының идеялық бағдары мен сюжеттік өрімінен қаһармандар мінездемесін іздестіруі осының нақты айғағы.

Ойымызды қорытар болсақ, Р.Бердібайдың фольклордан бастау алатын зерттеу еңбектері мен әдеби сын мақалалары, мерзімді басылымға жарияланған еңбектері, әдебиеттану ғылымының әр саласында ізденіс жасап, әдебиет теориясының проблемаларын, соның ішінде, шығармадағы тартыс, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыстан өзге көркем шығарманың поэтикалық мәселелері, тип, прототип, пейзаж, портрет, стиль мәселелері жөнінде де жасаған терең талдаулары қазақ әдебиетіндегі әдебиет теориясының маңызды мәселері ретінде ерекше бағаға ие.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ысқақұлы Д. Қазақ әдеби сынының тарихы. Екінші том. Алматы. «Қазығұрт», 2011
2. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. –Алматы. «Қазығұрт»-2005.Тарихи роман. Мұхтар шыңы. Үшінші том. -448 б.
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. 1-кітап. Алматы -2003.
4. Әбдиманұлы Ө. Ғұлама //№8 2014 Ақиқат 65-72 беттер
5. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: монография. – Қарағанды: Гласир, 2009. – 400 б
6. Бердібаев Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997. – 336 б.

Problems of the theory of literature in kazakh literature

Summary

This article discusses the theory of literature in the research of R.Berdibay and Kazakh literature. From a comparative analysis of the plot and compositional structure, starting with the genre and ideological specifics of the work of art, he expands our understanding of the general appearance and interior of the novel, as well as the evolution of works on a historical theme.

In the works of Academician R.Berdibay, the issues of poetics of types, prototypes, landscapes, portraits and styles, as well as the problems of conflicts among heroes, are examined in detail. The author analyzes the similarities between the characters of the story and the novel by M.Auezov, the characters and the plot of the

epic “The Way of Abai”, as well as the features of the writer to identify such unresolved theoretical problems.

Проблемы теории литературы в казахской литературе

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы теории литературы в исследованиях Р.Бердибая и казахской литературы. От сравнительного анализа сюжета и композиционной структуры, начиная с жанровой и идеологической специфики художественного произведения, он расширяет наше понимание общего внешнего вида и интерьера романа, а также эволюцию работ на историческую тему.

В работах академика Р.Бердибая подробно рассматриваются вопросы поэтика типов, прототипов, пейзажей, портретов и стилей, а также проблемы конфликтов у героев. Автор анализирует сходство персонажей рассказа и романа М.Ауэзова, персонажей и сюжета эпоса «Путь Абая», а также особенности писателя, чтобы выявить такие нерешенные теоретические проблемы.

Məqalə tarixçəsi

Göndərilib: 16 yanvar 2020 Qəbul edilib: 21 yanvar 2020